



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрлігі



国际中文日
INTERNATIONAL
CHINESE LANGUAGE DAY



«ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
17 сәуір, 2024 ж.

«现代汉语教学现状»
国际学术研讨会论文集
2024 年4月17日

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ СОВРЕМЕННОГО КИТАЙСКОГО
ЯЗЫКА»**
Материалы международной научно-практической конференции
17 апреля, 2024 г.

«ACTUAL PROBLEMS OF TEACHING MODERN CHINESE LANGUAGE»
Materials of the international scientific and practical conference
April 17, 2024

Астана, 2024
Astana, 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
哈萨克斯坦共和国教育部
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
列·尼·古米廖夫名下的欧亚国立大学
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ
语言文学系汉语言文学教研室
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ КАФЕДРА КИТАЙСКОЙ ФИЛОЛОГИИ
FACULTY OF PHILOLOGY DEPARTMENT OF CHINESE PHILOLOGY

КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТЫ
孔子学院
ИНСТИТУТ КОНФУЦИЯ
CONFUCIUS INSTITUTE

«ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
17 сәуір, 2024 ж.

«现代汉语教学现状»
国际学术研讨会论文集
2024年4月17日

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ СОВРЕМЕННОГО КИТАЙСКОГО
ЯЗЫКА»
Материалы международной научно-практической конференции
17 апреля, 2024 г.

«ACTUAL PROBLEMS OF TEACHING MODERN CHINESE LANGUAGE»
Materials of the international scientific and practical conference
April 17, 2024

研讨会赞助者：中国驻哈萨克斯坦大使馆

Астана, 2024

ӘОЖ 811.581
КБЖ 81.2 Кит-923
Қ 22

Редакциялық алқа:

Е.Б. Сыдықов – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы – Ректор
А.Б. Бейсенбай – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
Г. Ахметбек – Қытай филологиясы кафедрасы меңгерушісінің м.а.
Ян Лэй 杨雷 – Конфуций институтының директоры
Б.Жылқыбекұлы – Қытай филологиясы кафедрасының доцент м.а.
Чжу Цуймэй 朱翠梅 – Конфуций институтының доценті
Цзинь Бэйли 靳蓓蕾 – Қытай филологиясы кафедрасының аға оқытушысы

Жауапты хатшы: Г.Т. Елубаева, А.М. Садвакасова

Қ 22 «Қазіргі қытай тілін оқытудың өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (2024 жылдың 17 сәуір, Астана, Қазақстан). – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2024. – 164 б. – қазақша, қытайша, орысша, қырғызша.

ISBN 978-601-337-998-2

Бұл Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультеті Қытай филологиясы кафедрасы мен университет жанындағы Конфуций институтының бірлесіп ұйымдастырған «Қазіргі қытай тілін оқытудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ынтымақтастық байланыс аясында және «БҰҰ-дағы қытай тілі күніне» орай ұйымдастырылған осы конференцияның жинағына қатысушылардың жасаған баяндамалары мен ұсынған мақалалары сұрыптап енгізілді. Жинақта халықаралық ғылыми ортадағы қытай филологиясын зерттеудің жаңа трендтері; қытай-қазақ-орыс тілдерінің мәдениетаралық интерпретациялық аурама мәселелері; қытай тілін оқытудағы инновациялық әдістер мен заманауи технологияларды қолдану мәселелері; қытай тарихы, мәдениеті және ұлттық білім беру саласындағы ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен даму перспективалары сияқты бағыттарда жазылған авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған. Мақалалар тек авторлық нұсқада жарияланды, мақала көзқарасына авторлар жауапты.

ӘОЖ 811.581
КБЖ 81.2 Кит-923

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қытай филологиясы кафедрасы, 2024
© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева кафедра китайской филологии, 2024
© L.N. Gumilyov Eurasian national university department of chinese philology, 2024

ISBN 978-601-337-998-2

ZHU YUNXIN AND THE NEW EDUCATION PROGRAM

Bekkozha Zhylybekuly

candidate of philological Sciences, acting associate professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University
Department of Chinese philology, Astana, Kazakhstan
e-mail: bekhoja_astana@mail.ru

Annotation: deputy chairman of the Central Committee of the China Democracy Development Association, deputy secretary general of the 12th National Committee of the people's political advisory council of China, member of the Standing Committee, Deputy Chairman of the Ye Shengtao Research Association, vice president of the Institute for Educational Policy Research of China, member of the China Education 30 Forum, Professor, Mr. Zhu Yongxin is the author of many books of pedagogical content in the field of education and education, which have received enthusiastic praise from readers within the framework of the "new education in China" program. His reflections and conclusions of Chinese educators on the modernization and reform of education are devoted to the formation of a new educational flow inherent in the national identity of China, the emphasis on the development of the inner world of a person, the connection of body and soul with each other, the full formation of a person's personality, thereby focusing on the education of future public figures, making quality education the main core of Education. Because the article explains the reasoning and reasoning of the outstanding Chinese educator Mr. Zhu Yunxin that the formation of a full-fledged, perfect human spirit is the highest peak of education today using irrefutable examples.

Keywords: education, education, new education, Zhu Yongxin works, teaching and learning reform, fresh experience, soul and body.

ӘОЖ 81'373

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ ӨЛІМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТАБУ МЕН ЭВФЕМИЗМДЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ

Танеш Б.¹, Ахметбек Г.²

¹ аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Филология факультеті
Шетел тілдері кафедрасы, Астана, Қазақстан
e-mail: botakoz_2006@mail.ru

² т.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология
факультеті Қытай филологиясы кафедрасы, Астана, Қазақстан
e-mail: akhmetbek.gulzhan@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада тіл мәдениетінің маңызды мәселелерінің бірі өлімге байланысты табу мен эвфемизмдерді зерттеу мүмкіндіктері қарастырылады. Қазақ және қытай тілдері негізінде салғастырмалы сипатталып, олардың өзара ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айқындау жолдары сөз болады.

Тірек сөздер: табу, эвфемизм, тыйым сөздер, этнолингвистика, тіл білімі.

Аталмыш мақаланың басты мақсаты: Өлімге байланысты табу мен эвфемизмдерді қазақ және қытай тілдері негізінде салғастырмалы сипаттау жолдарын қарастыру. Кез келген тілдің қолданылу мүмкіншілігі кең де, ал оның байлығы сөз мағынасынан, қолданысынан айқын көрінеді. Табуды зерттеу тіл білімі, тарих, этимология, этнолингвистика, этнография үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұның өзі осы мәселенің қажеттілігін және көкейкестілігін айқындаса керек.

Қазақ тіл білімінде табу мен эвфемистік құбылыстарға жеке-жеке түсінік беріліп, оларды зерттеуге арналған біршама еңбектер бар. Осы ретте Ә. Хасенов, Ә. Болғанбаев, Ә. Ахметов [1], Ғ. Қалиев [2], Б. Сағындықұлы [3] т.б. ғалымдарымыздың пікір-тұжырымдары мен еңбектерін атауға болады».

Жалпы тіл білімінде түркі тілдеріндегі эвфемизм мен табуды соның ішінде қазақ тіліндегі эвфемия құбылысын ғалым Ә. Ахметов алғаш ғылыми зерттеудің нысанына алып жан-жақты қарастырған. Ғалым табу мен эвфемизмді этнографиялық лексикаға жатқызады: «Кез келген этнографиялық лексиканың сыртында белгілі бір этнографиялық ұғымдардың тұратыны сияқты табу мен эвфемизмнің сыртында да олармен ұштасып, астарласып жататын этнографиялық ұғымдар, атап айтқанда, дәстүрлі наным-сенімдер, мифтер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, қоғамда қалыптасқан тіл мәдениетімен байланысты этикалық нормалар тұрады» [1, 176].

Қойылған мақсатты шешу барысында келесі мәселелерге тоқталуды жөн деі таптық:

а) Өлімге байланысты табу мен эвфемизмдердің қазақ және қытай тілдеріндегі жалпы көрінісі;

б) Қазақ және қытай тілдеріндегі өлімге байланысты табу мен эвфемизмдердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын зерттеу мүмкіндіктері мен жолдары.

Табу — әлем халықтарының тілдерінде ежелден өмір сүріп келе жатқан мәдени құбылыс ретінде адамдардың өзара тілдесуін, пікір алысуы мен әлеуметтік қарым-қатынасын реттеп отырады. Сөздерге салынатын тыйымның діни наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптардан басқа да әлеуметтік себептерінің бар екені бұдан бұрын да атап өтілген. Адам баласы үшін табиғи құбылыстардың ішіндегі ең қорқыныштысы да, сескендіретін суығы да-өлім. Сондықтан кез келген халықтың тілінде «өлім», «өлді» деген сөздердің орнына сол ұғымдарды білдіретін, бірақ алдыңғылардан әлдеқайда тігісі жатық эвфемистік синонимдер қолданылады. Қазақ және қытай халықтарының тілдеріндегі өлімге байланысты тыйым сөздердің де өздеріне тән ортақ белгілері мен ерекшеліктері бар.

Қазақ тілінде де «өлу» деген ұғымды ‘қаза тапты’, ‘ұша барды’, ‘келмеске кетті’, ‘түйе қарап кетті’, ‘дүниеден озды’, ‘опат болды’, ‘мәңгілікке көз жұмды’, ‘дүние салды’, ‘қайтпас сапарға кету’, ‘үзілу’, ‘қайту’, ‘кету’, ‘шетін болу’, ‘көз жазып қалу’, ‘айырылу’, ‘адасу’, ‘беру’, ‘мәңгі үйқыға кету’, ‘аттану’, ‘дүние салу’, ‘дүниеден көшу’, ‘демі тоқтау’, ‘жан тәсілім қылу’ т.б. сияқты астарлы мағыналы эвфемизмдер алмастырып отырады.

«Тіл сүйексіз, ой түпсіз» демекші, мұндай эвфемизмдерді жасауға кез келген зиялы, шешен адамның да, тілдің де мүмкіншіліктері ұшан-теңіз. Осының айқын дәлелі ретінде ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың ұлы Абайды өлді деуге қимай: *«Осылайша айналасы айықпаған сұр тұман, суық заман ішінде ұлы жан дүниеден көшті. Мағаштың қырқын беріп болған күннің ертеңінде Абай және қаза тапты. Ұлы кеуденің ыстық демі тоқтады. Шөл даланы жарып аққан дариядай, жалтыр биік басына жалғыз шыққан алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті»* деген оқырмандарға белгілі жолдарын келтіруге болады. Бұндай қолданыстар басқа да көркем шығармаларда да жиі кездесетін: *«Жалғыз шыққан Төлеген, Ақырет сапар жөнелді», «Сойқан ұрыста қазақтың басты-басты бірнеше батыры мен Хақназар хан қаза тапты»* [1, 360], - дейтін эвфемизмдерге толы жолдарды келтірсек те болады.

Қазақ арасында қалыптасқан салт бойынша қайтыс болған адамның жақындарына қазаны бірден естірте салмаған. Суық хабарды мүмкіндігінше астарлап, тұспалдап немесе жұмбақтап сездіруге тырысқан. Әдетте ауыр қайғыны естірту эвфемистік мағыналы сөздерден басталып, көңіл айту, жұбату сөздерімен аяқталып отырған. Қазақ ауыз әдебиетінде сақталған өлімді естірту және көңіл айту үшін қолданылатын эвфемизмдерге негізделген ескі нұсқалардың кейбір үлгілері төмендегідей:

Жандос Қалдыбекұлы Шоқан қазасын Шыңғысқа естірткенде былай деген екен:

– Ұлы қайтпаған руда жоқ,
Қызы қайтпаған қырымда жоқ,
Қатыны қайтпаған халықта жоқ,
Ағасы қайтпаған аймақта жоқ,
Інісі қайтпаған елде жоқ,
Әкесі қайтапаған әлемде жоқ,
Шешесі қайтпаған пенде жоқ,
Аққу ұшып көлге кетті,

*Дуадақ ұшып шөлге кетті,
Құдай бізге бір гауһар тас беріп еді,
Оны иесі өзі әкетті,
Шоқан деген ұлыңыз,
Бәріміз баратын жерге кетті.* – деп естірткен екен [3, 25].

Ал қазақтың атақты Бөгенбай батырының қазасын Үмбетай жырау Абылай ханға естіртуі де осы негіздес. Алдымен Бөгенбайдың соғыста елді қорғаудағы ерліктерін, Абылайдың айдынын асырып айналасында жүргендегі айбынын айта келіп:

*...Ей, Абылай, Абылай,
Сөзімді тында тағы да-ай!
Өзіңнен біраз жасы үлкен,
Дөмпеш таудай басы үлкен,
Жасыңда болған сырласың,
Үлкен де болса құрдасың,
Сексеннен аса бергенде,
Қайрылмас қаза келгенде,
Батырың өлді – Бөгенбай!
Иманын айтып өлерде,
Иекке жаны келгенде,
Сәлем айтты үш қайта,
Кеттім деп сізді көре алмай.
Батырды қолдан өткіздім,
Сәлемін міне жеткіздім.
Жыламай тында, Абылай!
Жараға жақсы қасқарар,
Ойбайлап жаман бас салар.
Көріспей айтты демеңіз,
Осы еді біздің келген жай.
Көзіңнің жасын тыя көр,
Жақсылық дұға қыла көр.
Тағы да талай бақ берсін,
Балаңа алтын тақ берсін,
Бөгенбайдай жас берсін,
Өлшеусіз мал мен бас берсін!
Бөгенбай сынды батырдың
Береке берсін артына-ай,
Сабыр берсін халқына-ай.
Жасаған ие жар болып,
Бейіште нұры шалқығай!* – деп тоқтаған екен [3, 90].

Мысалы 1: Таң дәуірінің ақыны 崔颢 Цуй Хао өзінің «黄鹤楼» атты поэмасында :

“昔人已乘黄鹤去，(Ол кетті қыранға мініп，)
此地空余黄鹤楼。(Бұл жерде бос қалды мұнара.)
黄鹤一去不复返，(Қыран кетті қайта айланып келмеске，)
白云千载空悠悠……”。(Жылдар бойы бұлттар ғана қалқыған.)

Мысалы 2: Юань патшалығының ақыны 杨显之 Ян Цианжы өзінің 《酷寒亭》 атты еңбегінде: “可怜他亲娘不幸先辞世，刚抛下一双的业种无知。” (Бейшара анасы бақытсыздықтан дүниеден өтті, қос сәбиін арттына тастап.

3: Қытайдың әлемге танымал болған төрт шығармаларың бірі 《红楼梦》(«Қызыл сарай түсі»)第十三回: “人已辞世，哭也无益。Өтер адам өтті бұл өмірден, жылағаннан не пайда.

4: Қазіргі таңда, “Анам озды өмірден, қыранмен кетті батыстағы жұмаққа. Көз жұмар алдында, балалары қасында. Сексен тоғыз жасында, армансыз кетті соңғы сапарына. Тәңір

жарылқасын жақсы адамға, жаны болсын жанатта. Соңғы сапарры сәтті болсын!” 慈母仙世, 驾鹤西去, 临终子女在身旁, 伯母欣慰安详坦然而去, 享年 89 岁. 上苍绝不会亏待这样的好人, 坚信伯母的灵魂必定进入神圣的天堂并得到永远的安息. 伯母一路走好.

5: 节哀顺变! Қаза қайырлы болсын!

Өліммен байланысты немесе оның семантикалық өрісімен ұштасып жататын тағы біраз ұғымдар бар. Өлім ұғымының синонимі ретінде қазақ тілінде *ажал* сөзі жиі қолданылады. Қазақ би-шешендері де өлімнің келуін тіршілік қуатының тоқтауын, жан мен тәннің, рухтың өз бастапқы орындарына ауысу детерминанты болатындығы идеясын меңзей отырып, “*Ажал жетпей жан шықпас*” (Бұқар би), “*Ажал жетпей өлмек жоқ*” дейді. Ажал мен өлім - адамның фәни дүниедегі тіршілігінің соңы, адамзатының өмір сүру кеңістігі уақытының шегін белгілейтін діни философиялық категориялар. Мысалы, Жириенше шешен: “*Ажал деген - атқан оқ, бір алланың қақпаны*”, десе, Төле би: “*Бес күн жалған өтеді, ажал қуып жеткен соң*”-деп, ал Бөлтірік шешен: “*Ажалдың сокса дауылы, өмірдің шамы сөнбей ме?*” - дей келіп, ең алдымен, ажалдың өзінің адамға Жаратушыдан келетін трансцендентті құбылыс екендігін мойындау сәтіне куә боламыз.

Екіншіден, ажал да өлім сияқты адамның бұл дүниедегі тіршілігінің тоқтауын белгілеу сәті болатындығын көрсетеді. Бұған «*Наубетімен дөңгелер ажалдың жеккен арбасы. ...Өлшеп берген демің бар, бірте- бірте бітеді. Аты жүйрік ажалдың, аяндап-ақ жетеді*» (Досбол би), “*Тағдырдан ажал тура келсе, кетерсің түйең түгіл өзің мүлдем*” (Малтақан би),—деп келетін тұстар дәлел. Балпық бидің: “*Ажалың жетсе, алдында тұрған ормен тең*” —деген шешендік тұжырымы осындай ұстанымдардан кейін туындаған болар [2, 120].

Сонымен бірге *өлік, мола, кор, кому, бейіт, сүйек, дене, жерлеу, зират, қабір* сияқты сөздер де осы семантикалық өріске жатады. Бұл сөздердің бояулары мен адамға етер әсері бірдей емес. Әсіресе алдыңғы төрт сөздің мағыналары өте суық. Сондықтан да олардан гөрі тігісі біршама жатықтау *дене, сүйек, зират, қабір, жерлеу, қою* сияқты эвфемистік баламалар жиірек қолданылады. Ал кейде *мола, көр* деген суық сөздердің орнын *орын, жай* деген эвфемизмдер басып отырады. Түрікменстан қазақтарының тілінде *бейіт, мола* деген сөздердің орнын ертеректе діни нанымдардың негізінде калыптасқан *әулие* деген эвфемистік синоним алмастырғаны байқалады [4].

Өлемдегі өзге де тілдер секілді, қытай тілінде де өлімге байланысты тыйым сөздердің өзіне тән ұзақ тарихы ғана емес, өзіндік мол қоры да бар. Олар өмірді бақытсыздықпен күнәға толы, өлгеннен кейін тек рухы ғана мәңгілікке ие, мағынаға толы болады деп есептейді [5, 302]. Бұл философиялық әрі діни таным қытай тіліндегі өлімге байланысты тілдік материалда көрініс табады: ‘上路了’ жолға шығып кетті, ‘归道山’ қайта оралу, ‘去见上帝了’ құдайға кездескелі кету.

Қытай халқы ежелден бері «死» «өлді» деген ауыр сөздің орнына қытай тіліндегі сол ұғымды білдіретін 203 түрлі метафоралық әрі эвфемистік баламалардың бірін қолданады [6, 2]. Мысалы, ‘仙逝’ қайтыс болу, ‘得道’ жол табу, ‘成仙’ пері болу, ‘羽化’ ғайып болды, ‘去世’ қайтыс болды, ‘故去’ марқұм болды, ‘逝世’ өмірден өту, ‘寿终’ өмірінің соңы, ‘亡故’ қаза тапты, ‘牺牲’ құрбан болды, ‘成佛’ буд болу, ‘圆寂’ дүниеден озды, ‘坐化’ ғайып болды, ‘过去了’ өтіп кетті, ‘不在了’ жоқ болды, ‘永眠’ мәңгілік ұйқыға кету, ‘断气’ демі үзілді, ‘归西’ батысқа оралу, ‘归天’ көкке қайтып оралу, ‘谢世’ дүниеге алғыс айту, ‘升天’ аспанға ұшып кету, ‘安息’ жаны жай табу, ‘转世’ дүние алмастыру, ‘归真’ шын өмірге қайтып оралуды, ‘羽化’ ғайып болу, ‘离开了’ айрылды, ‘与世长辞’ дүниемен мәңгіге қоштасу, ‘心脏停止了跳动’ жүрегінің соғуы тоқтады. т.б. Қытай халқы ‘死’ («өлді») деген атты айтуды мүлде ұнатпайды. Қандай да болсын жақсылықтың алдында, әсіресе, жаңа жылды қарсы алу сәтінде, келін түсіріп, қыз ұзатқанда, үй салып жағқанда немесе жол жүргенде, жарыстарға қатысқанда, өте бір маңызды, қуанышты сәттерде өлім туралы кімнің болса да ауызынан шығып кетпеуінен барынша сақтанады. Керісінше сондай жақсылықтардың тұсында қақпаға, есік-терезеге «喜 шаттық, 福 бақыт, 运

сәттілік, 富 байлық» деген сөздерді жазып, іліп қояды. Бұл сөздер аталған жақсылықтарды шақырады деп сенеді.

Осы қысқа үзіндіден қытай халқының ырым-салттарына байланысты тыйымдар қазақ халқы мен ағылшындардың тыйымдарымен, ырымдарымен өте ұқсас екендігін аңғару қиын емес. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, қазақ халқы да «өлім, ауру, мола.» т.б. деген секілді сөздерді барынша ауыздан шықпауына көңіл бөледі. Олардың орнына «қайтыс болу, денсаулығы болыңқырамау» деген эвфемизмдерді қолданады. Сөйтіп, «жақсы сөз жарым - ырыс» деп, ығи да жақсы сөз айтуға тырысады.

Сонымен қатар қытай халқы ежелден бері «4» деген саннан барынша қашып, мүлде аулақ жүруді қалайды. Тіпті қазіргі салынып жатқан кейбір таңдаулы, жайлы үйлерде «№4» немесе «№44» пәтер жоқ. Ал жалпы ондай үйлердегі пәтерлер қымбат болғанымен, төртінші қабақтың бағасы барынша арзан болады. Ұялы телефон нөмірінде де, машина нөмірінде де «4» деген цифр араласқан болса, оларға қатысты компаниялар тарапынан түрлі жеңілдіктер жасалады. Ілгеріректе «4» жасқа толған балаларын да «4 жаста» демей, «5-ке таяп қалды» деп айту дәстүрі болған. Ал той-томалақ, үлкен қуаныш үстінде, жаңа жылды қарсы алу кешінде «төрт» деген сөз мүлде айтылмайды. Бұның себебі қытай тіліндегі «төрт» ‘四 si’ деген сөздің «өлім» дегенді білдіретін ‘死 si’ деген сөзбен үндестігінде жатыр [7].

Мақаланың мазмұнын қорытындылай келе, қарастырылған қазақ және қытай тілдерінде өлім концептісі адам болмысының маңызды ұғымдарына жатады да, тіл және мәдениет арасындағы қарым-қатынастардың негізгі тасымалдаушылары болатын түрлі салт-дәстүрлер арқылы әмбебап шындық және этнолингвистикалық шындықты нақты қабылдау жолдарын зерттейтін этно-лингвомәдениеттану саласына қарайды. Осы зерттеудің бір қыры түрлі халықтардың менталитеті мен этникалық ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі. Тіптен генетикалық байланысты емес, туыстығы алшақ тілдердің материалдары бойынша талдау жасап, тұжырымдамалар түюге болады.

Егер қарастырылып отырған концептің семантикалық кеңістігіне көз салатын болсақ олардың тамыры алысқа кететін көне ұғымдар екендігінде дау жоқ. Француз философы Л.Леви-Брюль адамзат дамуының алғашқы сатыларында жеке тәжірибе емес, ұжымдық идеялар басымдырақ болғанын айтқан. Л.Леви-Брюльдің ойынша ұжымдық түсініктер ретінде адамдардың өз өмір тәжірибесінің барысында қалыптасқан тұжырымдар емес, индивидке қоғамдық орта, тәлім-тәрбие, әдет пен ғұрыптар арқылы сіңген идеялар қарастырылады. Шындығында да аталмыш екі тілде де өлім концептісінде Құдайға немесе әлдебір Абсолютке мойынсұну басым. Яғни шындық құбылыстары таза күйінде емес, тұтас бір көңіл күй кешені мен құпия күштермен байланыстырылғанына орай, табу мен эвфемизмдерде өлімнің мәні мен мәнісі түсірінделмейді. Әр халықтың өлім туралы ойларын оның әлемінің тілдік бейнесінен қорытындылауға болады.

Өлім концептісі танымал философиялық дәрістерде өтпелі және мәңгілік ұғымдарды біріктіреді. Ислам дүниетанымы бойынша адамзат ғұмыры бұл дүниелік және о дүниелік болып екіге бөлінеді. Бұл дүниелік өмірді алдамшы фәнилік тіршілік дейді.

Өлім тақырыбы психологиялық-физикалық дуализмге бағынған батыс философиялық ойына тән (Сократ, Платон) адамның трансценденттік және имманентті нақты өмірінен тұрады.

Қытайдың байырғы діні Даусизымді уағыздаушы Лаузы мен Жуанзы керісінше өмірді тамаша ғажайып бір дүние деп қарастырған [8, 44]. Ежелгі Қытай ойшылы Јiao Цзы: *“Ажал келгенде тіршілік күші формадан бөлінеді және олардың әрқайсысы өзінің бастапқы (қалпына) қайтып оралады. Міне, сондықтан (өлген адамның жаны) гуй деп аталады. Гуй қайтып оралуды, өзінің шынайы үйіне қайта оралуды білдіреді. Жан өз төріне ауысқанда, ал тән өз тегіне қайта оралған жағдайда мен қалай өмір сүре аламын?”*, - деп жазады.

Өлім түсінігі адам санасында құрылған сәттен бастап қоғамдық санаға әсері зор, барлық адамзат мәдениетінің жетекші философиялық ұғымдарының бірі болып табылады. Ол адамзат мәдениеті мен философия дамуына ықпалын жалғастыруда деп айтсақ артық болмайды.

Аталмыш концепт әр тілдің мәдениетінің, дінінің өзіндік ерекшелігін көрсете отырып, олардың ортақ белгілерін де айқындай түседі.

1. Өлім концептісі қазақ және қытай тілдерінде де егістікпен беріледі, яғни өлім мен өмір осы жерде және басқа жерде орын ала алады деген дуалистік ойға сай: *дүниеден көшті*, ‘келмеске кетті’, ‘归西’ батысқа оралу, ‘归真’ шын өмірге қайтып оралу.

2. Екі тілде де өлім көп жақты құбылыс:

- физикалық ұғым, яғни адамзаттың өмір сүру кеңістігі уақытының шегі: ‘*ұша барды*’ (қаз.), ‘羽化’ ғайып болды, ‘升天’ аспанға ұшып кету, (қытай);
- биологиялық ұғым, яғни тіршілік қуатының тоқтауы: ‘*опат болды*’, ‘*демі тоқтау*’, ‘*ыстық демі тоқтады*’ (қаз.), ‘心脏停止了跳动’ жүрегінің соғуы тоқтады, (қытай);
- әлеуметтік ұғым: ‘*көз жазып қалу*’, ‘*дүниеден көшу*’ (қаз.), ‘与世长辞’ дүниемен мәңгіге қоштасу (қытай);
- діни - философиялық ұғым, яғни рухтың өз бастапқы орынына ауысуы: *Бәріміз баратын жерге кетті, иесі өзі әкетті, ажал - бір алланың қақпаны* (қаз.) ‘成仙’ пері болу, ‘去见上帝了’ құдайға кездескелі кету (қытай) [9].

Қазақ және қытай халықтарының тілдеріндегі өлімге байланысты табу мен эвфемизмдерді көптеген ғалымдар зерттеп, әр түрлі пікір айтылып, тұжырымдамалар жасаған. Алайда туыстығы алшақ осы екі тілдегі өлімге байланысты табу мен эвфемизмдердің өзіне тән ерекшеліктері мен ұқсастықтары әлі де болса когнитивтік лингвистика тұрғысынан жан жақты зерттеуді талап етеді. Когнитивистика аясында байырғы мәселелер жаңаша түсіндіріле бастады. Когнитивистикада адами когницияға басты мән беріледі, ол тек бакылауға алынған іс-әрекет деңгейінде зерттеліп қоймай, оның менталды (ішкі кабылдау, жүйесі), адамның когнитивтік әлемі, тілдің белсенділік әрекетімен ілгерілеп отыратын мінез құлқы мен іс әрекеті бойынша зерттеліп, қалыптасып қатар қаралады.

Когнитивтік ғылымдар бойынша тіл мен таным арақатысын сипаттайтын ұғымдар белгілі бір құрылымға түседі. Осымен байланысты танымдық деңгейге қатысты қазірде жиі айтылатын «концептуалдық ғылым» шындықты ұғынудың негізгі тәсілі болып табылады. Дүниетанымының құрылысы негіздерін анықтауға бағытталған тілдік әлемнің когнитивті модельдері дүниедегі заттар мен құбылыстардың жер шарын мекендейтін адамдарға ортақ болуымен қатар, әр халық сол заттар мен құбылыстарды өз мәдениетіне, танымына, болмысына қарай ыңғайлап, өзінің таным – түсінігінің деңгейі мен тану мүмкіндігіне сәйкес модельдейді. Біздің өлім концептісін зерттеуіміз осы бағытта дамымақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

[1] Ә. Ахметов. Түркі өркениеті. // Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. - Алматы: Арыс, - 2009. 270 б.

[2] Қалиев Ғ. «Қыз жібек» жыры. – Алматы, 2003. 191 б.

[3] І. Есенберлин. «Көшпенділер» романы. – Алматы, 2002. 390 б.

[4] Дәулетбек Раев. Қазақ шешендігі философиясы. – Алматы: Қарасай, 2011.

[5] 康家龙. 语言的艺术 [M]. - 北京: 海潮出版社, 2003 年. 302 页.

[6] 李悦娥. 话语分析 [M]. - 上海: 上海外语教育出版社, 2002 年. 44 页.

[7] 胡文仲. 跨越文化的屏障 [M]. - 北京: 北京教学与研究出版社, 2004 年. 63 页.

[8] 张莹. 汉英禁忌语的文化对比分析 [J]. // 继续教育研究. 2004 年第 5 期, 2 页.

[9] 彭增安. 语用修辞文化 [M]. - 上海: 学林出版社, 1998 年. 154 页.

IN CONNECTION WITH DEATH BASED ON KAZAKH AND CHINESE LANGUAGES WAYS TO STUDY TABOOS AND EUPHEMISMS

Tanesh B.¹, Akhmetbek G.²

¹ Senior Lecturer, Department of foreign languages, Faculty of philology, L.N. Gumilyov Eurasian national university, Astana, Kazakhstan
e-mail: botakoz_2006@mail.ru

² candidate of historical sciences, acting associate professor, Department of Chinese philology, Faculty of philology, L.N. Gumilyov Eurasian national university, Astana, Kazakhstan
e-mail: akhmetbek.gulzhan@gmail.com

Annotation. This article examines one of the most important problems of linguistic culture - the possibility of studying taboos and euphemisms associated with death. Comparative descriptions and methods of determining their mutual features and similarities will be given on the basis of the Kazakh and Chinese languages.

Keywords: taboo, euphemism, taboo, ethnolinguistics, linguistics.

811.581.11

СӨЗ, СӨЗДІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚЫТАЙ ТІЛІНЕ АУДАРУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

Шәріпхан Мерей

аға оқытушы, магистр, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан
e-mail: Merei1965@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада сөздің анықтамасы мен оның құрылымдық жақтан түрлерге бөлінуі және оны қытай тіліне аударудың тәсілдері баяндалады.

Тірек сөздер: сөз, сөздің түрлері, аударма, құбылыстар, фразеология.

СЛОВА, ВИДЫ СЛОВ И СПОСОБЫ ПЕРЕВОДА НА КИТАЙСКИЙ ЯЗЫК

Шарипхан Мерей

старший преподаватель, магистр ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
e-mail: Merei1965@mail.ru

Аннотация. В данной статье описано определение слова, его деление на структурные виды и способы перевода на китайский язык. Ключевые слова: слова, виды слов и переводы.

Ключевые слова: слово, виды слова, перевод, явления, фразеология.

Біз кез келген бір ғылыми еңбектер жазғанда сөзге баса мән береміз. Сөз арқылы айтпақшы ойды жүйелі түрде жеткізу үшін оның мағыналары мен мазмұнына және түрлеріне назар аудару аса қажет. Осы негізде алдымен сөзге берілген анықтамаға тоқтала кетейік:

Сөз: 1. Белгілі бір мағынаға ие, заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің негізгі бірлігі. 2. Бір нәрсе жайында айтылған әңгіме. 3. Жиналыста көпшілікке қарата айтылған пікір, мәлімдеме. 4. Өнге арналған өлең мәтіні [1, 739]. Өздеріңіз көріп отырғандай мұнда сөзге бірде тілдік бірлік, бірде әңгіме, бірде пікір, мәлімдеме, бірде әннің мәтіні деген сияқты әртүрлі мазмұндарды қамтитын атаулар берілген. Ал енді сөзге байланысты қытай тіліндегі сөздікке жүгінсек:

词 1. 说话或诗文戏剧中的语句；2. 一种韵文形式，五言诗、七言诗和民间歌谣发展而成，起于唐代，盛于宋代。原是配乐歌唱得一种诗体，句的长短随着歌调儿改变，因此又叫做长短句。有小令和慢词两种，一般分上下两阙。3. 语言里最小的、可以自由运用的的单位 [2, 221]。 Мұнда да сөзге бірнеше мағына берілген. Қытай тілінде сөзді 词、辞、话、语、言、字、谈 деген жеке әріптер таңбалай алады. Бұдан басқа, 言谈、言语、语词 сияқты қос әріптер де сөздің мәнін айшықтап көрсетеді. Енді біз осы аталғандардан 话 әрпін алып, қытай тіліндегі сөздің құрылымы мен мағыналарына қатысты, сөздің тіркесін, түрлерін,